




Yacht-Master II

Oyster, 44 mm, Oystersteel



**Yacht-Master II
Oystersteel
болаты жасалған Oyster
Perpetual Oyster білезігі
мен көк Cerachrom
керамикалық дискімен
екі бағытта айналмалы
безель.**




CERACHROM БЕЗЕЛІНІҢ ТЕГЕРІГІ

Жоғары технологияның шоғырлануы

Yacht-Master II моделі 60 минуттық ойылған көк керамикадан жасалған Cerachrom тегерігі бар екі бағытта айналмалы безельмен ерекшеленеді. Rolex қолданатын берік және іс жүзінде сызатқа төзімді, жоғары технологиялық керамика оған өңдеу кезінде арнайы құралдарды талап етеді. Оның тұрақты түсіне ультракүлгін сәуле әсер етпейді, ал химиялық құрамының арқасында бұл керамика инертті және коррозияға ұшырамайды.

Бұл көк Serachrom дискіде қалыпқа құйылған, ойық таңбалар мен сандар PVD (металл буын конденсациялау) технологиясы арқылы платинамен немесе көк алтынмен жабындалған. Межеліктің алғашқы жарты сағатының әр минуты белгіленген. Безель бейтарап қалыпта болған кезде, кері санаудың соңғы 30 секундын хронографтың ортаңғы секунд тілі арқылы толығырақ оқуға болады. Ойылған безельдің бұдырлы жиегі ұстауды ыңғайлы етіп, оны тағушыға уақыт аралықтарын, мысалы, екі қалтқы арасындағы жүзу уақытын оңай өлшеуге мүмкіндік береді.



АҚ ЦИФЕРБЛАТ

Оңтайлы оқылу

Дисплей әртүрлі функциялардың анық оқылуын қамтамасыз етеді. Циферблат шағылысуды азайту үшін жаңа ақ лакпен жабылған және Кәсіби санаттағы сағаттардың символы болып табылатын салмалы сағат белгілерімен безендірілген.

Кері санау функциясына арналған фланец циферблатта өте дәл орналасқан – бұл қасиеті үшін патентке өтінім берілген. Ол 10 минуттан 0 минутқа дейін ойылған, ал жарты минут үшбұрыштармен көрсетілген.




OYSTERSTEEL БОЛАТЫ

Коррозияға жоғары төзімділік

Rolex өзінің болат сағат корпустары үшін Oystersteel материалын қолданады. Компания арнайы әзірлеген Oystersteel 904L болат тобына жатады, ол коррозияға аса төзімділік қажет жоғары технологияда және аэроғарыш пен химиялық өнеркәсіптерде қолданылады.

Oystersteel болаты жоғары төзімділігімен ерекшеленеді, керемет жылтырап өңделеді және қатаң сыртқы жағдайларда пайдаланған кезде де өзінің бастапқы сұлулығын сақтайды.



OYSTER БІЛЕЗІГІ

Пішін мен функцияның алхимиясы

Oyster білезігі - берік әрі ыңғайлы болу үшін жасалған пішін мен функцияның, эстетика мен технологияның тамаша синтезі. Ол Rolex шеберлері эксклюзивті түрде жасаған кездейсоқ ашылып қалмайтын Oysterlock жиналмалы түймелігі және ыңғайлы түрде ұзартылатын Easylink түйінімен жабдықталған.

Бұл ерекше жүйе кез келген жағдайда қосымша жайлылықты қамтамасыз ете отырып, білезіктің ұзындығын шамамен 5 мм ұзартуға мүмкіндік береді.

Толығырақ техникалық деректер Yacht-Master II

Сілтеме 126680

Модель корпусы

Түрі

Oyster, 44 мм, Oystersteel

Диаметрі

44 мм

Материал

Oystersteel болаты

Безель

Керамикадан жасалған көк Cerachrom тегерігі бар екі бағытта айналмалы 60 минут етіп ойылған безель. Құю әдісімен қалыпқа салынған, платинамен қапталған оймалы бөліктер мен сандар

Oyster құрылымы

Біртұтас ортаңғы корпус, корпусың бұрандалы артқы қақпағы және бұрамалы бастиек

Бұрамалы бастиек

Бұрандалмалы, үш есе суға төзімді Triplock жүйесі

Кристал

Сызаттардың пайда болуына төзімді, жақұтты

Суға төзімділік

Суға төзімділігі 100 метрге / 330 футқа дейін

Механизм

Түрі

Perpetual, механикалық, автоматты түрде құлағынан бұрау

Калибр

4162, Rolex өндіру зауыты

Дәлдік

-2/+2 сек/сутки (после установки механизма в корпус)

Осциллятор

Синяя парамагнитная спираль Parachrom. Жоғары өнімділікті соққыға қарсы Paraflex жүйесіfiber_manual_record

Бұрамалы

Perpetual роторы арқылы екі бағытта автоматты түрде құлағынан бұрау

Қуат қоры

Шамамен 72 сағат

Функциялары

Сағат пен минут тілдері ортасында, кішкентай секунд тілі сағат 6 белгісінде. Механикалық жады мен жедел синхрондау мүмкіндігі бар бағдарламаланатын кері санауыш. Нақты уақытты орнатуға арналған стоп- секундтар

Білезік

Түрі

Oyster, үшқатарлы сом түйіндер

Түймелік

Oysterlock қауіпсіздік түймелігі, 5 мм дейін ұзартылатын Easylink түйіні

Білезік материалы

Oystersteel болаты

Циферблат

Түрі

Ақ

Мәліметтер

Ұзақ уақыт көк сәуле тарайтын өте анық Chromalight дисплейі

Сертификаттау

Түрі

Superlative Chronometer (механизмді корпусына орнатқан соң хронометрдің ресми сертификациясы + Rolex сертификациясы)

Толығырақ ақпаратты [Rolex.com](https://www.rolex.com) сайтында зерттеңіз және біліңіз

Сауда белгілері, қызмет көрсету белгілері, сауда атаулары, дизайн және авторлық құқық тәрізді барлық зияткерлік меншік құқықтары қорғалған.

Бұл веб-сайттағы қандай да ақпаратты жазбаша рұқсатсыз көшіруге болмайды. Rolex кез келген уақытта осы веб-сайттағы модельдерді өзгерту құқығын өзіне қалдырады.

